АҚМОЛА ОБЛЫСЫ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ «АҚМОЛА ДАРЫНЫ» ДАРЫНДЫ БАЛАЛАР МЕН ТАЛАНТТЫ ЖАСТАРДЫ АНЫҚТАУ ЖӘНЕ ҚОЛДАУ ОРТАЛЫҒЫ» КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

020000, Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, Абай көшесі, 107, тел. 8(7162)40-11-54
эл.мекен-жайы: umc_daryn17@mail.ru

29.10.2024

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «ЦЕНТР ПО ВЫЯВЛЕНИЮ И ПОДДЕРЖКЕ ОДАРЕННЫХ ДЕТЕЙ И ТАЛАНТЛИВОЙ МОЛОДЕЖИ «АҚМОЛА ДАРЫНЫ» УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ АКМОЛИНСКОЙ ОБЛАСТИ»

020000, Акмолинская область, город Кокшетау, улица Абая, 107, тел. 8(7162)40-11-54
эл.адрес: umc_daryn17@mail.ru

391

**Аудандық (қалалық) білім бөлімдері басшыларына**

Ақмола облысы білім басқармасының «Ақмола дарыны» дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау орталығы «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығының 2024 жылғы 28 қазандағы № 936/15-11-04 хатының негізінде жалпы білім беретін пәндер бойынша 5-6 сынып оқушыларына арналған республикалық олимпиаданың екінші (аудандық/қалалық) кезеңі (бұдан ары – Олимпиада) 2024 жылғы 14-15 қараша күндері (Қосымша 1) көрсетілген кесте бойынша өтетінін хабарлайды.

«Дарын» РҒПО Олимпиаданы үш кезеңіне (аудандық/қалалық, облыстық, республикалық) арналған тапсырмаларды құрастырады.

Аудандық (қалалық) білім бөлімдері Олимпиаданы барлық санитарлық-эпидемиологиялық нормаларды сақтай отырып тірек мектебінде ұйымдастыруы қажет.

Олимпиада тірек мектептерінде өткізілетіндіктен жол бойында және оны өткізу кезінде қатысушылардың өмірі мен қауіпсіздігіне жауапты жетекшілерді бұйрықпен тағайындап, жедел медициналық жәрдем, жол патруль полициясы қызметі кезекшілігінің ілесіп жүруін ұйымдастыру қажет.

Олимпиада өтетін кабинеттің жалпы көрінісін қамтитын камерамен жасақтап, youtube трансляциясын қосып, сілтемесін аудандық (қалалық) білім бөлімдерінің ресми сайттарында жариялау қажет. Бейнежазба Олимпиаданың қорытынды кезеңі аяқталғанға дейін сақталуы тиіс.

Олимпиада тапсырмалары «Дарын» РҒПО https://ro.daryn.kz сайтында басталуына 1 сағат қалғанда қолжетімді болады. Олимпиада тапсырмалары – 8 пән бойынша 30 тест сұрақтарын қамтиды, (Қосымша 2).

Осыған орай, Олимпиадаға жауапты маман туралы ақпаратты а.ж. 4 қарашасы сағат 12:00-ге дейін қосымшада көрсетілген форматтағы кесте

бойынша abai_mukan@mail.ru электрондық мекенжайына жіберулеріңізді сұраймыз, (Қосымша 3).

Қосымша: 9 бетте.

**Ақмола облысы білім басқармасының «Ақмола дарыны» дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау орталығының басшысы** **Е. Оразов**

Орынд.: Муканов А.О.
Тел.: 8 (7162)-72-21-17

*1-қосымша*

**Жалпы білім беретін пәндер бойынша**
**5-6 сынып оқушыларына арналған республикалық олимпиаданың**
**екінші (аудандық/қалалық) өткізу кестесі**

| |
|---|
| **5-сынып**<br>**14-қараша 2024 жыл** |
| **Басталуы 10:00** |
| 1. Жаратылыстану<br>2. Математика<br>3. Орыс тілінде оқытатын мектептердегі қазақ тілі<br>4. Орыс тілі мен әдебиеті |
| **Басталуы 13:00** |
| 1. Ағылшын тілі<br>2. Қазақ тілі мен әдебиеті<br>3. Қазақ тілінде оқытатын мектептердегі орыс тілі<br>4. Қазақстан тарихы |
| **6-сынып**<br>**15-қараша 2024 жыл** |
| **Басталуы 10:00** |
| 1. Жаратылыстану<br>2. Математика<br>3. Орыс тілінде оқытатын мектептердегі қазақ тілі<br>4. Орыс тілі мен әдебиеті |
| **Басталуы 13:00** |
| 1. Ағылшын тілі<br>2. Қазақ тілі мен әдебиеті<br>3. Қазақ тілінде оқытатын мектептердегі орыс тілі<br>4. Қазақстан тарихы |

*3-қосымша*

**Жалпы білім беретін пәндер бойынша 5-6 сынып оқушыларына арналған Республикалық олимпиаданың тапсырмаларын басып шығаруға жауапты маманның байланыс деректері**

| № | Облыс | Аудан | Жауапты маманның толық аты-жөні | Байланыс телефоны | Электронды почтасы |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | | | | | |
| 2 | | | | | |
| 3 | | | | | |